



Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 143 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22462 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 31.03.2026 № 132 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 63-1-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

Б. Атамкулов

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің

Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар

№	Көрсетілетін қызметтің атауы	Саны	Ақпараттық-цифрлық көлем (Мегабайт)	Бағасы, теңге (қосылған құн салығын есептеусіз)
1	Техникалық-экономикалық негіздемелерді; үлгілік жобаларды; жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын ұсыну	1 жинақ	100-ге дейін	2 079
2			100-ден 300-ге дейін	2 426
3			300-ден 500-ге дейін	2 982
4			500-ден 700-ге дейін	3 538
5			700-ден 1000-ға дейін	4 233
6			1000-нан 1500-ге дейін	5 345
7			1500-ден 2000-ға дейін	6 735
8			2000-нан 2500-ге дейін	8 125
9			2500-ден 3000-ға дейін	9 515
10			3000-нан 3500-ге дейін	11 600
11			4000-нан 5000-ға дейін	14 380
12			5000-нан 6000-ға дейін	17 160
13			6000-нан 7000-ға дейін	19 940
14			7000-нан 10000-ға дейін	25 500
15			10000-нан астам	29 670